



болмай, бізбен бірге ол молда алдына кіріп, оқи алмады. Жабықтан, босағадан тындап жүріп-ақ бізге жаттатқандарды іштегі бізден артық заулағанын көріп, молданың көзі шығып кете жаздағаны бар. Ол ол ма, музыкаға қабілеті сонша, сыбызғыны өзі қолдан кесіп, өзі ойнай беретін» - дейді.

Сөйткен Қасымның қолына білім шырағы 1925 жылға дейін түспейді. Қарқаралы орман шаруашылығының агрономы болған, қазір пенсионер Сейілхан Ғалиевтың айтуынша, 1925 жылы Қарқаралы уездік комсомол комитетінің жолдамасымен Семейдің педагогикалық техникумына жібе-

ласады. Содан былай республика баспасөзінде қызмет істеп, ақындыққа біржола берілген дәурені басталады. Алғашқы өлеңдер жинағы, «Азғынбаев», «Құпия қыз» поэмалары, Низами, Байрон, Швеченкодан аудармалары бірінен соң бірі дүниеге келеді.

Ұлы Отан соғысына аттанған Қасым әуелі Қиыр Шығысқа, содан батыс майданына жіберіліп, 9-шы атқыштар бригадасында аға сержант дәрежесінде соғысып, саяси жетекші подполковник Әлпиннің қолдауымен «Вперед, на запад!» газетінде әскери тілшілік қызмет атқарған. «Подполковник Әлпинге»

Ақын дануқы

Әдебиет әлеміндегі белгілі тұлғалардың ұрпақтары өзі көрген, білген деректерді жазып қалдырып келгені аян. Өнер сүйер қауым оларға көбірек ықылас аударып, қызыға оқитыны да белгілі. Дүниеден әкем өткенде мен мектеп есігін жаңа ашқан бала болатынмын. Сондықтан, оның өмірі жайында естелік жаза алмаймын. Әкемнің қадір-қасиетін, кім болғанын, қандай кісінің тірі көзі болып қалғанды оның кітаптары мен халықтың оған деген зор құрметінен, замандастарының естелік-әңгімелерінен ғана білемін.

Қасым Рахымжанұлы Аманжолов 1911 жылы бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезінде (қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы) Қызыл тауының бөктеріндегі Жакыбала қыстауында туған. Кәдімгі: «Қыс қыстау, Ата мекен Қызылдағы» - өлеңінде осы жай айтылады. Әкесі Рақымжан ақынның мүлде жас кезінде қайтыс болып, жесір шеше әменгерлік заңына еріксіз бағынады да, қарындасы мен екеуі тұрмыс қаңбағы қалпына түсіп, ағайын аралап кетеді.

Ағайыны әрі құрдасы, қазіргі құрметті пенсионер, Қазақ ССР-ының еңбек сіңірген оқытушысы Мекебай Жазыбаев ақсақал: «Қасым жастайынан алғыр, өрттей шапшаң, өте зерек еді. Әрі жасы толмай, әрі ақыға төлейтін ештемесі

ріледі. Онда түсемін дегендердің көптігінен және білімі сәйкеспеген Қасым жеткіншектер мектебіне кіреді (школа подростков). Бұл мектепті бітіргеннен кейін ауыл шаруашылық техникумына түсіп, оны аяқтамай, педагогикалық техникумға ауысады. Ғалиевтың естелігінде көрсеткеніндей, Қасым ауыл шаруашылық техникумында Атығай Шанинмен қабырға газетін шығарысады, оның ең тұңғыш өлеңдері сол кезде жазылады. Бәйге де алыпты.

Педагогикалық техникумнан 1931 жылы Алматы қаласына келіп, қазақ педагогикалық институтының (ҚазПИ) дайындық курсына түседі. Бұл кезде республика халық шаруашылығына мамандар даярлау мақсатымен қазақтың бір топ жігітін Ленинград орман шаруашылық институтына шақырады. Бір жыл оқығаннан кейін, Қасым дымқыл ауадан дертке шалдығып, елге қайтады. 1933 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, Орал қаласында әскери бөлімде қызмет етеді. Мұнда қазіргі белгілі жазушы Жәрдем Тілековпен бірге комсомол активісі болып, үлгілі жұмыс атқарады. Сол кезде Орал драма труппасына белсенді мүше болып, домбырада, мандолинде, скрипкада, гармоньда бірдей ойнайтын бесаспап музыканттық қабілетін танытады. Облыстық «Екпінді құрылыс» газетінде алғашқы өлеңдерін бастырады.

1935 жылы Алматыға келіп «Лениншіл жас» газетіне орна-

және «Мартбек» өлеңдері сол тұста жазылған. Бұл кезде Қасым Аманжолов орысша да өлеңдер жазған. Олары еш жерде жарық көрген жоқ, тек 1963 жылы 9 майда «Каззахстанская правда» газетінде «Приветствую тебя, Брянск» деген өлеңі ғана басылды.

Тиіп-қашып оқығаны болмаса, Қасым жоғары білім алмаған. Оны жасырудың керегі жоқ, меніңше, зерттеушілердің ол жағына бара бермейтіндігі ақынға «шаң жуытпасам» деген жақсы көңілден болуы мүмкін. Өз бетінше өте көп оқып, білім алған, зеректілігімен көп дүние сырын аңғарған, ақындық қиялы өткір Қасым Батыс пен орыс классикасын терең оқуға көп көңіл бөлген адам. Ол аударған Белинскийдің «Гогольге хаты» осы күнге дейін теңдесі жоқ аударма саналады. Поэзиялық аудармалары бір төбе.

Қасым Аманжолов аз өмір сүріп, ғажайып талантының толық шарықтау шегіне жетпей кеткен ақын. Не бәрі он шақты-ақ жыл, бәлкім одан да аз, творчестволық өрлеуінде қазақ поэзиясының өзіне дейінгі шыңына жетіп, оның өркенін одан әрі биіктеткен. Туған елі ақындық ерлік жасаған адам деп танып, құрметіне, махаббатына бөлеген Қасым аты ұмытылмайды.

Дариға АМАНЖОЛОВА.